

Тауарды шығарған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 29 қазандағы N 291 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 10 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5849 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 497 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 28.12.2012 № 497 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының заңы 16-1-бабының

7-тармағына

сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Тауарды шығарған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру ережесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықты бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда вице-министрі Е.С. Есқалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Министр Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы

Индустрия және сауда министрінің

2009 жылғы 29 қазандағы N 291

бұйрығымен бекітілген

Тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметін жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметін жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2 . О с ы Е р е ж е :

1) тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудиторларға;
2) тауардың шығу тегі туралы сертификатты алуға мүдделі жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:
өтініш беруші – тауардың шығу тегі туралы сертификатты алуға мүдделі жеке немесе заңды тұлға;

сараптау ұйымы – штатында тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторы бар тауардың шығу тегіне сараптама жүргізу жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын заңды тұлға;

тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудитор (бұдан әрі – сарапшы-аудитор) – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 9 қазандағы N 274 бұйрығымен бекітілген Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесіне сәйкес аттестатталған маман (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 5827 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасынан экспортталатын, кері экспортталатын тауарларға, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру, тауар шығарылған елді айқындау

4. Тауар шығарылған елді айқындау үшін сарапшы-аудитор, тауар:
1) толығымен қазақстанда шығарылғандығын;
2) "Тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1054 қаулысында белгіленген тауарды жеткілікті қайта өңдеу өлшемдерін ескере отырып, қазақстанда шығарылғандығын;

3) шетелде шығарылғандығын белгілеуі тиіс.

5. Тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сараптамаға байланысты жұмыстарды сарапшы-аудитор шарттық негізде өтінім және өтініш беруші осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттар пакеті негізінде жүргізеді.

6. Тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор тауардың шығу тегі сараптамасын тауар шығарылуын растайтын толық құжаттар

пакетімен бірге өтінішті берген және тіркелген сәтінен бастап жиырма төрт сағат
і ш і н д е ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

7. Тауардың шығарылу сараптамасына мыналар кіреді:

- 1) тауар шығарылуын растайтын құжаттардың сараптамасы;
- 2) қажет болған жағдайда тауар тұрған жерге барып, сыртқы белгілер, таңбалау бойынша тауарды сәйкестендіру (атауы, тұрпаты, түрі, орамасы, сыныбы, дайындаушы кәсіпорын);
- 3) жеткілікті қайта өңдеу өлшемінің сәйкестігін айқындау және тауардың қосымша құнын айқындау мақсатында тауар шығарудың технологиялық процесінің сараптамасы.

8. Өтініш беруші осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауардың шығу тегін сараптауға арналған өтініммен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттар (заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжат, патент немесе жеке кәсіпкер куәлігі), заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі);
- 2) сыртқы сауда келісім-шартын (шарттың) түпнұсқасы мен көшірмесі;
- 3) шот-фактураның түпнұсқасы мен көшірмесі немесе тауарға арналған и н в о й с ;

4) уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі;

5) қызмет түріне арналған лицензияның түпнұсқасы мен көшірмесі;

6) жеткілікті қайта өңдеу өлшемін айқындау үшін құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі (тауар шығаруда пайдаланған шикізат пен компоненттердің құны, шикізатты жеткізу туралы шарттар, шоттар, төлем тапсырмалары, көлік және басқа да жүк құжаттары, оларға сәйкес тауар шығарылған нормативтік және технологиялық құжаттар, шетелде шығарылған пайдаланған шикізат немесе компоненттер құнын ескере отырып, тауардың өзіндік құнын есептеу, шығындарды калькуляциялау, қосымша құн);

7) егер тауар мал өнімі, өзен және теңіз кәсіпшілігінің өнімі болса, ветеринарлық куәлігі;

8) қойманың мекен-жайын көрсете отырып, қоймада тауардың болуы және оның көлемі туралы қоймалық анықтаманың түпнұсқасы мен көшірмесі;

9) өтініш берушінің мүдделерін ұсынуға арналған сенімхаттың түпнұсқасы мен көшірмесі;

10) жеміс-көкөніс өнім үшін: өнімнің мәлімделген партиясы көрсетілген аумақта өсірілгені туралы Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық бірлігін жергілікті атқарушы органның растаушы анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесі және өнім шығарушылармен шарттың түпнұсқасын немесе

нотариалдық куәландырылған көшірмесін міндетті түрде бере отырып, өнім шығарушыларымен шарт, тауарды сатып алуға арналған шарт көрсетіледі.

Сарапшы-аудитор құжаттардың пакетін қабылдаған кезде түпнұсқа көшірмелерін түпнұсқамен сәйкестендіргеннен кейін өтініш берушіге қайтарады.

9. Қосымша зерттеулер жүргізу үшін тауар шығарылған елді айқындауға ұсынылған құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, сараптама ұйымы мынаны с ұ р а т а д ы :

1) рұқсаттамалар, лицензиялар, шикізаттың, материалдардың, жинақтаушылардың шығарылуын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалар мен к ө ш і р м е л е р і ;

2) тауарды сәйкестендіру зертханалық сынақтар мен зерттеулерсіз мүмкін емес болса, аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) берген сынақ х а т т а м а с ы .

Сарапшы-аудитор құжаттардың пакетін қабылдаған кезде, түпнұсқа көшірмелерін түпнұсқамен сәйкестендіргеннен кейін өтініш берушіге қайтарады.

10. Сараптама нәтижесі бойынша сарапшы ұйым осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сарапшы-аудитор жасаған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін өтініш берушіге береді, онда тауар:

- 1) толығымен қазақстанда шығарылғаны;
- 2) жеткілікті қайта өңдеу өлшемін ескере отырып, қазақстанда шығарылғаны;
- 3) шетелде шығарылғаны көрсетіледі.

11. Біліктілік аттестатын алған және тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тізіліміне енгізілген тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор сараптама жүргізеді және сараптама қ о р ы т ы н д ы с ы н а қ о л қ о я д ы .

12. Толықтай Қазақстанда тауарлардан (шикізаттан, материалдардан, өнімнен) шығарылған тауардың шығу тегін белгілеу кезінде тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінде мыналарды көрсету қажет:

- 1) осы тауарды шығарудың технологиялық үдерісі (нормативтік құжат, т е х н о л о г и я л ы қ н ұ с қ а у л а р) ;
- 2) тауарды өндіру кезінде пайдаланылған шикізатты материалдарды және қ ұ р а м д а у ы ш т а р д ы ж е т к і з у ш і л е р ;
- 3) сатып алынған шикізат пен құрамдауыштарға төлеу туралы құжаттардың болуы (атауы, нөмірі).

3. Ішкі айналымға арналған тауарларға, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру, тауар шығарылған елді айқындау

13. Тауар шығарылған елді айқындау үшін сарапшы-аудитор, тауар:

- 1) толығымен қазақстанда шығарылғандығын;
- 2) тауарды жеткілікті қайта өңдеу өлшемін ескере отырып, қазақстанда шығарылғандығын ;

14. Тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сараптама осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім негізінде шарттық және өтініш беруші осы Ереженің 8-тармағының 1), 4) - 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну негізінде жүргізіледі.

15. Тауардың шығу тегі сараптамасын тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор тауар шығарылуын растайтын толық құжаттар пакетімен бірге өтінішті берген және тіркелген сәтінен бастап жиырма төрт сағат ішінде жүзеге асырылады.

16. Тауар шығарылу сараптамасына мыналар кіреді:

- 1) тауар шығарылуын растайтын құжаттардың сараптамасы;
- 2) қажет болған кезде тауар тұрған жерге барып, сыртқы белгілер, таңбалау бойынша тауарды сәйкестендіру (атауы, тұрпаты, түрі, орамасы, сыныбы, дайындаушы кәсіпорын);
- 3) жеткілікті қайта өңдеу өлшемінің сәйкестігін айқындау және тауардың қосымша құнын айқындау мақсатында тауар шығарудың технологиялық процесінің сараптамасы.

17. Қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігі болған жағдайда, сараптау ұйымы мынаны сұратады:

- 1) рұқсаттамалар, лицензиялар, шикізаттың, материалдардың, жинақтаушылардың шығарылуын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалар мен көшірмелері ;
- 2) тауарды сәйкестендіру зертханалық сынақтар мен зерттеулерсіз мүмкін емес болса, аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) берген сынақ хаттамасы .

Сарапшы-аудитор құжаттардың пакетін қабылдаған кезде түпнұсқа көшірмелерін түпнұсқамен сәйкестендіргеннен кейін өтініш берушіге қайтарады.

18. Сараптама нәтижесі бойынша сарапшы ұйым осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес сарапшы-аудитор жасаған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін өтініш берушіге береді, онда тауар:

- 1) толығымен қазақстанда шығарылғаны;
- 2) жеткілікті қайта өңдеу өлшемдерін ескере отырып, қазақстанда шығарылғаны көрсетіледі.

19. Біліктілік аттестатын алған және тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тізіліміне енгізілген тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор сараптама жүргізеді және сараптама

қ о р ы т ы н д ы с ы н а

қ о л

қ о я д ы .

20. Толықтай Қазақстанда тауарлардан (шикізаттан, материалдардан, өнімнен) шығарылған тауардың шығу тегін белгілеу кезінде тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінде мыналарды көрсету қажет:

1) осы тауарды шығарудың технологиялық үдерісі (нормативтік құжат, технологиялық нұсқаулар);

2) тауарды өндіру кезінде пайдаланылған шикізатты материалдарды және құрамдауыштарды жеткізушілер;

3) сатып алынған шикізат пен құрамдауыштарға төлеу туралы құжаттардың болуы (атауы, нөмірі).

4. Тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін беруден бас тарту үшін негіздеме

21. Сарапшы ұйым мына жағдайларда бас тарту себептерін негіздеп, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін беруден бас тартады:

1) мәлімделген тауар берілген құжаттарға сәйкес келмесе;

2) өтініш беруші берілген құжаттардың түпнұсқалығын растай алмаса;

3) берілген құжаттар осы Ереже талаптарына сәйкес келмесе.

22. Тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін беруден бас тартуды сарапшы ұйым бір жұмыс күні ішінде оның себептері көрсетіліп, жазбаша түрде еркін нысанда өтініш берушіге береді.

Тауар шығарылған елді айқындау
жөніндегі сарапшы-аудиторлар
қызметін жүзеге асыру ережесіне
1-қосымша
нысан

**Қазақстан Республикасынан экспортталатын, кері экспортталатын
тауардың шығу тегіне сараптама жүргізуге арналған
2009 жылғы " ____ " _____ N ____ өтінім**

(сараптама жүргізуге уәкілетті ұйымның атауы)

(Сарапшы ұйым басшысының аты-жөні)

N өтінім

20 ____ ж. " ____ " _____

Мынадай реквизиттер негізінде _____ тілінде тауардың шығуына
сараптама жүргізуді сұраймыз:

1. Тауарды жөнелтуші, оның мекен-жайы, телефоны, факсы _____

2. Тауарды алушы, оның мекен жайы, елі _____

3. Тауарды әзірлеуші, оның мекен-жайы, елі (тауардың шығуын растайтын құжаттардың көшірмесі: келісім N, тауар құжаттамасы, шот-фактура және т.б.) _____

4. Сыртқы сауда келісім-шарты (келісімі), оның күні _____

5. Жөнелту станциясы (пункті) _____

6. Алу станциясы (пункті) _____

7. Көлік түрі және саны _____

8. Инвойс (шот-фактура), N, күні _____

9. Экспорттауға алынған рұқсаты және/немесе лицензиясы _____

10. Мәміле сипаттамасы: сату, айырбастау, консигнация _____

11. Тауардың нақты атауы _____

12. Брутто/нетто салмағы, кг _____

13. Тауар орнының саны және қаптама түрі _____

14. Тауардағы және тауар қаптамасындағы таңбалау _____

15. Тауардың теңгедегі құны _____

16. Есептік шот, банк бөлімшесі _____

17. Өтініш берушінің СТН (БИН, ИИН болған жағдайда) _____

18. Жетекшінің аты жөні, телефон N _____

Ақысын төлеуге кепілдік береміз.

Осы өтініштегі және ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтердің сенімділігіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапты боламыз.

Мөрдің орны	Өтініш берушінің қолы
Тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметін жүзеге асыру ережесіне 2-қосымша нысан	

(ұйым атауы)

**Қазақстан Республикасынан экспортталатын,
кері экспортталатын тауардың
шығу тегі туралы сараптама актісінің N _____**

1. Сарапшы _____
2. Актінің толтырылған күні _____
3. Сараптама жүргізудің негізі _____
4. Тауардың атауы _____

5. Саны _____
(орны, брутто және нетто салмағы, дана, жиынтық, м., көлемі)
6. Келісім-шарт _____
_____ Инвойс _____
7. Экспорттаушы _____
8. Әзірлеуші _____

9. Сатып алушы ел _____

10. Тасымалдау көлігі _____
(ж ү р у б а ғ ы т ы)
11. Орау түрі, таңбалау _____
12. Ұсынылатын құжаттама _____

13. Сараптама _____ анықтады
14. _____ парақтағы қосымшалар осы актінің ажырамас бөлігі
б о л ы п _____ т а б ы л а д ы .
N _____ тауардың шығуы туралы
сараптама жүргізілген актінің келесі беті
15. Қорытынды: жоғарыда айтылғанның негізінде тауар осы актінің
5-тармағында көрсетілген _____ сан ретінде
а й қ ы н д а л у ы _____ м ү м к і н .
Шығарылу өлшемдері _____
Сарапшының қолы _____ Өкіл танысты _____
Мөр орны _____ аты-жөні, қолы _____
Сараптама жүргізудің басталған күні _____
Сараптама жүргізудің аяқталған күні _____

Мөр орны 20 ____ ж. _____

Сарапшының түпнұсқалық қол қоюымен және мөр таңбасымен куәландырылмаған тауардың шығуы туралы сараптаманың актісі және оның көшірмелері жарамасыз болып табылады.

Тауар шығарылған елді айқындау
жөніндегі сарапшы-аудиторлар
қызметін жүзеге асыру ережесіне
3-қосымша
нысан

**Ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегіне
сараптама жүргізуге арналған
2009 жылғы " ____ " _____ N ____
өтінім**

(с а р а п ш ы

ұ й ы м)

(Сарапшы ұйым басшысының аты-жөні)

N өтінім

" ____ " _____ 20 ____ ж.

Мынадай реквизиттер негізінде _____ тілде тауардың шығуына сараптама жүргізуді сұраймыз:

1. Тауарды өндіруші, оның мекен-жайы, телефоны, факсы _____

2. Тауарды алушы, оның мекен-жайы, елі _____

3. Тауардың нақты атауы _____

4. Брутто/нетто салмағы, кг _____
5. Тауар орнының саны және қаптама түрі _____
6. Тауардың және тауар қаптамасының таңбалануы _____

7. Тауардың теңгедегі құны _____
8. Есептік шот, банк бөлімшесі _____
9. Өтініш берушінің СТН (БИН, ИИН болған жағдайда) _____
10. Жетекшінің аты жөні, телефон _____

Ақысын төлеуге кепілдік береміз.

Осы өтінімде және ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтердің сенімділігіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапты боламыз.

Мөрдiң орны	Өтiнiш берушiнiң қолы
Тауар	шығарылған елдi айқындау
жөнiндегi	сарапшы-аудиторлар
қызметiн	жүзеге асыру ережесiне
4-қосымша	
нысан	

(ұйым атауы) Ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің N _____

1. Тауарды өндіруші _____
2. Актінің толтырылған күні _____
3. Сараптама жүргізудің негізі _____
4. Тауардың атауы _____

5. Саны _____

(орны, брутто және нетто салмағы, дана, жиынтық, м., көлемі)

6. Келісім-шарт _____

7. Тауарды алушы _____

8. Орау түрі, таңбалау _____

9. Ұсынылатын құжаттама _____

10. Сараптама бойынша _____ анықталды

11. _____ парақтағы қосымшалар осы актінің ажырамас бөлігі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

12. Қорытынды: жоғарыдағы айтылғанның негізінде тауар осы актінің 5-тармағында көрсетілген _____ сан ретінде айқындалуы мүмкін.

Шығарылу өлшемдері _____

Сарапшының қолы _____ Өкіл танысты _____

Мөр орны аты-жөні, қолы

Сараптама жүргізудің басталған күні _____

Сараптама жүргізудің аяқталған күні _____

Сарапшының түпнұсқалық қол қоюымен және мөр таңбасымен куәландырылмаған тауардың шығуы туралы сараптаманың актісі және оның көшірмелері жарамсыз болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК